



САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Университеттің сапа саласындағы саясаты стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады және білім беруді, ғылымды, инновацияларды және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды интеграциялау негізінде және заңнамалық және нормативтік талаптарда айқындалатын деңгейде, сондай-ақ тұтынушылармен ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынас кезінде экономика конъюнктурасы негізінде білім беру қызметін тұрақты жетілдіруге бағытталған.

Саясат барлық мүдделі тараптарды сапаны жақсарту процесіне міндетті түрде тарту шартымен **университеттің миссиясына, көзқарасы мен құндылықтарына негізделген** және әлемдік интеграция мен жаһандану жағдайларына бейімделген, елдің индустриялық-инновациялық дамуы үшін ұлттық білім экономикасының үздік зияткерлік ресурстарын және ең озық технологияларды қалыптастыру болып табылады.

Университет өзінің күш-жігерін сапа менеджменті жүйесін, оның еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) және ISO 9001:2015 сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар мен нұсқаулықтардың талаптарына сәйкестігін тұрақты түрде жақсартуға бағыттайды, қызметтің ішкі аудитін үнемі жүргізеді және тиісті ескерту әрекеттерін анықтайды, университеттің бизнес-процестерінің тәуекелдерді басқару жүйесін дамытады.

Сапа саласындағы саясат келесілерді көздейді:

- оқытудың барлық деңгейінде оқыту процесін үздіксіз жетілдіру, қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу және дамыту;
- ғылыми-инновациялық қызметті дамыту және оның білім беру процесімен тығыз байланысы;
- қажетті білім беру бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік беретін жоғары білікті оқытушы- профессорлар құрамын іріктеу;
- жұмыс берушілермен ынтымақтастық орнату, оларды білім беру бағдарламаларының дизайнына тарту, білім беру процесіне практик-оқытушыларды тарту, білім алушыларда кәсіпкерлік пен инновациялық дағдыларды культивациялау;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын дайындау үшін жетекші оқу орындарымен әріптестік, білім беру мен ғылыми зерттеулерді интернационалдандыру, халықаралық ғылыми және білім беру жобаларына қатысу;
- зертханалық базаны тұрақты дамыту, оны заманауи технологияларға сәйкес өзектендіру, компьютерлік және серверлік паркты тұрақты жаңарту, заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалану;
- беделді шетелдік агенттіктерде білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуді жүзеге асыру және халықаралық рейтингтерде ілгерілеу;
- бизнес-процестерді цифрландыру негізінде басқарудың заманауи технологияларын енгізу және университет жетістіктерін бағалау кезінде қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін пайдалану;
- Университеттегі корпоративтік мәдениет пен сапа мәдениетін қолдау;
- академиялық және әлеуметтік жұмысты студенттерге бағыттау;
- сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік және академиялық адалдық нормаларын сақтау;
- оқытушыларды, жұмыскерлерді және білім алушыларды әлеуметтік қорғауды күшейту.

Ректор



С. Сагинтаева